

**Азия Даму Банкінің ауыл шаруашылығы секторына арналған бағдарламалық заемін іске асыру жөніндегі кейбір мәселелер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 сәуір N 473

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі ай мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Азия Даму Банкінің ауыл шаруашылығы секторына арналған бағдарламалық заемы (бұдан әрі - АДБ Заемы) қаражатының осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген түпкі заемшыларымен несие шарттары және кепіл шарттары бойынша талап қою құқықтарын "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Эксимбанк) (келісім бойынша) беруі жөнінде шаралар қабылдасын;

2) "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Қор) (келісім бойынша) осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген заемшылардың берешегін республикалық бюджетке өндіріп алуды оның жүзеге асыруы жөнінде келісім жасассын;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Эксимбанк арасында жасалған 1996 жылғы 1 тамыздағы Несие шартын бұзу жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Эксимбанктің АДБ Заемы қаражатын мақсатты пайдалануын және республикалық бюджетке уақытылы есептеуін тексеруді жүргізсін.

3. "Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 100 P010100\_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген түпкі заемшылармен несие шарттары мен кепіл шарттары бойынша Банктің талап қою құқықтарын, Азия Даму Банкінің ауыл шаруашылығы секторына арналған бағдарламалық заемы (бұдан әрі - АДБ Заемы) қаражаттарын, сондай-ақ осындай несие шарттары бойынша берешекті өтеу есебіне Банк алған мүлікке меншік құқығын беру арқылы АДБ заемының қайтарымдылығын қамтамасыз етуге және Банк берешегінің өтелуіне бағытталған шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынысы мақұлданын.";

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген барлық міндеттемелер мен құқықтар берілгеннен кейін екі ай мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен:";

2) тармақшадағы "Қор" деген сөз "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Банкке түпкі заемшылар өтеген, бірақ ол республикалық бюджетке аудармаған сомаларды жылдық 7 (жеті) пайыз сыйақы ставкасымен 3 (үш) жыл ішінде республикалық бюджетке өтеу туралы Банкпен келісім жасасуды;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Қор) осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген заемшылардың берешегін республикалық бюджетке өндіріп алуды оның жүзеге асыруы жөнінде келісім жасасуды қамтамасыз етсін.";

3-тармақтағы "мақсатты пайдаланылуын" деген сөздерден кейін "және республикалық бюджетке уақытылы есептелуін" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 1-қосымшамен толықтырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 25 сәуірдегі

№ 473 қаулысына

1-қосымша

Олар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берілетін заемшылардың тізбесі

1. "Іле сүт зауыты" акционерлік қоғамы.
2. "Интеграция - Түрген" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
3. "Дастархан" жауапкершілігі шектеулі серіктестік өндірістік-коммерциялық фирмасы.
4. "Шымкент макарон фабрикасы" акционерлік қоғамы.
5. "PS Agro Pak" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
6. "Жанатов және К-Алдабергенов атындағы агрофирма" командиттік серіктестігі.
7. "Жанна" шаруа қожалығы.
8. "Әсем-Наз" өндірістік кооперативі.
9. "Ұрпақ" шаруа қожалығы.
10. "Сұңқар" шаруа қожалығы.
11. "Ая" шаруа қожалығы ("Сұңқар" шаруа қожалығынан қайта лизингі).
12. "Тоғжан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
13. "Алкон-Нан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
14. "Агротехсервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
15. "Азия-Плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
16. "BEST" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
17. "Сарниязовтың жеке фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
18. "Әміров фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
19. "Демеу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
20. "Талғар нантамақкомбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
21. "Қажы Нәби" шаруа қожалығы.
22. "Отан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("ТХПК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қайта лизингі).
23. "Арасан" өндірістік кооперативі.
24. "Қайыр компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Қайырбаев атындағы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қайта лизингі).
25. "Қайырбаев атындағы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
26. "Нан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
27. "Айдосов және К." өндірістік серіктестігі.
28. "Жиырма үй" шаруа қожалығы.
29. "Аққыз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

30. "Дәнекер" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 25 сәуірдегі  
N 473 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 22 қаңтардағы  
N 100 қаулысына  
1-қосымша

Олар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігіне берілетін заемшылардың тізбесі

Бірінші транш

1. "Әділет" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы агроөнеркәсіптік қаржы компаниясы.
2. "Ақмола" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі.
3. "Бейсен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
4. "Қызыл жар" өндірістік кооперативі.
5. "Балапан" фермерлік шаруашылығы.
6. "Тұран" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
7. "Жәрдем" шағын жеке кәсіпорны.
8. "Отырар" акционерлік қоғамы.
9. "Арафат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
10. "Жаса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
11. "Қарабұлақ" өндірістік кооперативі.
12. "Астық-Тентек" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы.

13. "Дидар" шағын жеке кәсіпорны.
14. "Мұрагер" өндірістік кооперативі.
15. "Маралды" шаруа қожалығы.
16. "Айтмолдин және К" командиттік серіктестігі.
17. "Асан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
18. "Арыстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
19. "Бесарықастық" акционерлік қоғамы.
20. "Бесарық" шаруашылық серіктестігі.
21. "Бесаспап" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
22. "Шаған" өндірістік кооперативі.
23. "Дәулет-4" шаруа қожалығы.
24. "Рауан" Т.П.К. жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
25. "Три - В" ашық үлгідегі акционерлік қоғам.
26. "Сүт" акционерлік қоғамы.
27. "Қанат" шаруа қожалығы.
28. "Рашнер" шағын кәсіпорны.
29. "Агрос-Ясная поляна" акционерлік қоғамы.
30. "Победа" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы.
31. "Уголки" акционерлік қоғамы.
32. "Молочный союз" акционерлік қоғамы.
33. "Насихат" шаруа қожалығы.
  
34. "Манал-Сокос" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
35. "Жалғас" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
36. "Tau Food" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

#### Екінші транш

1. "Ахмедин және К" командиттік серіктестігі.
2. "Тағам Компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
3. "Ақ бидай" өндірістік кооперативі.
4. "Жанат ауылы" акционерлік қоғамы.
5. "Шалов және К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
6. "Барақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
7. "Достық" өндірістік кооперативі.
8. "Қызылордакүрішмаш" акционерлік қоғамы.
9. "МЭН" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
10. "Ильинский" өндірістік кооперативі.

11. "Елім-ай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК